

Қол қою парақтары мен азаматтардың қолдарын жинау нәтижелері жөніндегі қорытынды хаттамаларды сақтаудың тәртібі мен мерзімдері туралы

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2011 жылғы 13 қаңтардағы № 14/19 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 14 қаңтарда № 6732 тіркелді.

"Жалпыхалықтық референдум туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 16-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 30.06.2026 № 23/37 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасының жалпыхалықтық референдумға қатысу құқығы бар, жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастамашылық білдірген азаматтары қолдарының растығын тексеру нәтижелері туралы аумақтық сайлау комиссияларының қорытынды хаттамалары мен Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының қорытынды хаттамасы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясында тұрақты сақтаулы болады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 30.06.2026 № 23/37 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Жалпыхалықтық референдум тағайындау туралы бастамашылықпен тілек білдіруші, жалпыхалықтық референдумға қатысу құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының қол қою парақтары Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясында құпия ақпарат негізінде референдумның бастамашыл тобынан құжаттар алынған күннен бастап үш ай бойы сақталады, ал кейіннен осы қаулыға қосымшаға сай акт бойынша жойылады.

Жою өртеу, балқыту, 2,5 шаршы сантиметрден аспайтын мөлшерде майдалап бөлшектеу, ұсақтау, еріту немесе химиялық ыдырату, қалыпсыз массаға немесе ұнтақ күйге айналдыру арқылы жүргізіледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Орталық сайлау комиссиясының 30.06.2026 № 23/37 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Осы қаулы оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Б.С. Мелдешовке жүктелсін.

Қазақстан Республикасы

Орталық сайлау комиссиясының

Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Қ. Тұрғанқұлов

Орталық сайлау комиссиясының

хатшысы

Б. Мелдешов

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Байланыс және ақпарат министрі

А.Қ. Жұмағалиев

2011 жылғы "___"

Қазақстан Республикасы
Орталық сайлау комиссиясының
2011 жылғы 13 қаңтардағы
№ 14/19 қаулысына қосымша

АКТ

Астана қ. 2011 жылғы _____

Сақтауға жатпайтын құжаттарды

жою үшін бөліп шығару туралы

"Қол қою парақтары мен азаматтардың қолдарын жинау нәтижелері жөніндегі қорытынды хаттамаларды сақтаудың тәртібі мен мерзімдері туралы" Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2011 жылғы 13 қаңтар № 14/19 қаулысының негізінде ғылыми-тарихи құндылықтарының жоқтығына және белгіленген сақтау мерзімдерінің аяқталуына байланысты мынадай құжаттар жою үшін іріктеліп алынды:

Р/б №	Құжаттардың атауы	Құжаттардың саны (санмен және жазумен)
1		
2		

Құжаттар саны _____ (санмен және жазумен), салмағы

_____ кг, _____

_____ № _____ қабылдау-тапсыру жөнелтпе қағазы бойынша жою үшін тапсырылды.

(Құжатты тапсырған ұжым қызметкері (қолы) (тегі, аты-жөні)
лауазымының атауы)

Құпия ақпарат негізінде сақтаулы құжаттарды жою кезінде _____ қатысты.

(лауазым) (қолы) (тегі, аты-жөні)

